

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EIEK9501>

***Қ. Қ. Аубакирова¹, А. А. Мустафаева²,
М. С. Кулахметова³**

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: a_kunduz87k@mail.ru

«ИРШАДУЛ-МУЛУК УӘС-САЛАТИН» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ (XIV ғ.) ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Бүгінгі жаһандану заманында ұмытыла бастаған мыңдаған жылдық тарихы бар бабалар мұрасын қайтадан жаңғырту негізінде қазіргі отандық ғылымда ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, наным-сенімі, діни ұстанымдары туралы ортағасырлық қолжазбаларды тауып, елге әкеліп, кешенді түрде зерттеу арқылы ұлтымыздың өткен тарихын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорында сақталған қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы түркі халықтарының тарихи-мәдени құндылықтары туралы баға жетпес деректерге қолжеткізе аламыз. Түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ жазба ескерткіштердің арасында XIII-XV ғасырларда дүниеге келген мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбалардың, әсіресе діни сарында жазылған еңбектердің алатын орны ерекше. Бұл мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер тек Мысыр қоғамына қатысты емес, жалпы түркі халықтарының тілін, наным-сенімін, діни ұстанымын зерттеуде теолингвистикалық дереккөз болып табылады.

Берілген мақалада мәмлүктер кезінде діни сарында жазылған «Иршәдул-мүлүк уәс-салатин» (XIV ғ.) қолжазбасына деректанулық, палеографиялық және кодикологиялық талдаулар жасалып, қолжазба туралы толық әрі жаңа мәліметтер беріліп, ескерткіштің құрылымдық, мазмұндық және тілдік ерекшеліктері

анықталды, жазба ескерткіште сақталған тілдік материалдардың теолингвистикалық дереккөз ретінде құндылығы айқындалды.

Кілтті сөздер: «Иршәдул-мулук» қолжазбасы, мәмлүктер, қыпшақ тілі, араб тілі, ислам, түркі дүниетанымы.

Кіріспе

Ел тәуелсіздігін алғалы ұлттың рухани құндылықтарын сақтап, мәдени жәдігерлерімізді қайта жаңғырту мақсатында жасалған «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы», «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық», «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты мемлекеттік бағдарламалар аясында шетелдік мұрағаттар мен кітапханалардан, атап айтқанда, Мысыр, Иран, Түркия, Үндістан, Қытай, Ресей секілді елдердің сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларынан, ғылыми-зерттеу мекемелерінен қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар араб, парсы, түркі, шағатай, қыпшақ, қытай және т.б. тілдердегі қолжазбалар, жәдігерлер, кітаптар мен мұрағаттық құжаттар Қазақстанға әкелінді. Қазіргі кезде отандық зерттеушілер үшін ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі туралы жазылған құнды мұраны, жазба жәдігерлерді табу, бір жерге жинақтау, түпнұсқа тілінен қазақ тіліне аудару, кешенді түрде зерттеу және халық арасында насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі халықтарының тілі, мәдениеті, діні, наным-сеніміне қатысты құнды дереккөз болып табылатын ортағасырлық жазба жәдігерлердің ішінде мәмлүктер билігі кезінде жазылған теологиялық еңбектердің маңызы ерекше. Осындай құнды ескерткіштердің бірі «Иршәдул-мулук уәс-салатин» қолжазбасының түпнұсқасы **зерттеу жұмысының нысаны** ретінде алынды. Берілген мақаланың **мақсаты** мәмлүктер билігі кезінде араб тілінен қыпшақ тіліне аударылған діни мазмұндағы «Иршәдул-мулук» қолжазбасына жан-жақты талдау жасау арқылы еңбектің теолингвистикалық құндылығын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа қолжеткізу үшін төмендегі **міндеттер** алға қойылды: қолжазбаға деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық талдау жасау; жазба ескерткішке толық сипаттама жасай отырып, құрылымдық, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерін айқындау; қолжазбаға қатысты жаңа деректерді анықтау; қолжазбада сақталған тілдік материалдардың теолингвистикалық құндылығын айқындау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде қолданылып отырған «Иршәдул-мулук» жазба ескерткішін кешенді зерттеу мақсатында *деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық, диахронды, түйіндеу, сұрыптау, өңдеу, сипаттау әдістері мен аударма тәсілдері* қолданылды. Палеографиялық және кодикологиялық әдістер

арқылы зерттеу нысанына алынып отырған «Иршәдул-мулук» қолжазбасына толық сипаттама жасалып, құрылымдық, тілдік ерекшеліктерімен бірге еңбектің теолингвистикалық құндылығы анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі теологиялық ескерткіштердің ішіндегі көлемі жағына ең ауқым «Иршәдул-мулук уәс-салатин» қолжазбасының [1] теолингвистикалық дереккөзі ретінде құндылығы өте жоғары. Жазба ескерткіш Әбу Ханифа мәзһабының шарифат шарттары туралы жазылып, мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған маңызды ескерткіш болып табылады. Аталған қолжазба туралы А. Заянчковский [2], Р. Топарлы [3], Х. Кардан [4], Т. Қыдыр [5], Қ. Садықбеков [6] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады. 1965-1975 жылдар аралығында Ыстамбұл университетінде «Иршәдул-мулук» қолжазбасының жекелеген бөлімдері бойынша тоғыз бітіру жұмысы жасалған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді зерттеумен айналысып жүрген түркітанушы Р. Топарлы осы тоғыз жұмысқа шолу жасай отырып, онда қолжазбаның жекелеген бөлімдері ғана зерттеу нысанына алынғанын, түпнұсқа мәтініне кешенді талдау жасалмағандығы мен транскрипциясын жасауда бірнеше қателіктердің орын алғанын алға тартады [7]. Түрік ғалымы Р. Топарлы өзінің 1992 жылы жарияланған «İrşadül-mülük ves-selatin» атты зерттеуінде қолжазба тілінің ерекшеліктері мен мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мәтіннің түрік тіліндегі транскрипциясын жасаған [3]. 2014 жылы түрік зерттеушісі Х. С. Кардан өзінің докторлық диссертациясында мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Иршәдул-мулук» ескерткішін армян-қыпшақ тілінде жазылған «Зебур=Псалтер» ескерткішімен салыстырмалы түрде зерттеу жасаған [4]. 2016 жылы зерттеуші Т. Қыдырдың «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» еңбегінде «Иршәдул мулук» жәдігерінің бастапқы беттерінің қазақ тіліндегі еркін аудармасы қолжазбадан үзінді ретінде берілген [5]. Аталған ескерткіш қазақ тілінде әлі күнге дейін зерттеу нысанына алынып, кешенді түрде зерттелмеген. Сондықтан «Иршәдул-мулук» ескерткішін теолингвистикалық дерек ретінде жан-жықты зерттеу өзекті болып табылады.

Қолжазбаның палеографиялық сипаттамасы: Зерттеу нысанына алынып отырған қолжазба *«Иршәдул-мулук уәс-салатин»* (ارشاد الملك و السلاطين) деп аталады. Қазақ тілінде «Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық» деген мағынаны білдіреді. Қолжазба авторының өзі кіріспе бөлімінде (2б) әміршіге арналып жазылған еңбектің «Иршәдул-мулук уәс-салатин» деп атағандығын анық жазған.

ارشاد الملوك و السلاطين تيب ات بيرديم تنكري تعالي كا سغنغان دان سونكرا تع تنكري كا
توكل قلغاندان سونكرا تع تنكري دان خير طلب قلغان دان سونكرا تع ايشم ني تنكري كا تسليم
قلغاندان سونكرا.

İrshadu'l-Muluk uas-selāṭīn tip at birdim, Tengri Tegliḡe siḡingandan songra (2) taḡi Tengrige teuekkul qilḡandan songra taḡi Tengriden ḡayr ṭaleb qilḡandan songra taḡi ishimi Tengrige teslīm qilḡandan (3) songra [1, 2 б].

Қолжазба авторы жаратушы Тәңріге тәуекел етіп, барлық істің нәтижелерін жаратушы Тәңірден ғана үміт етіп, қателіктерден сақтану үшін Тәңірге ғана сыйына отырып, тек патшалар мен сұлтандарға арналған нұсқаулық емес, барша мұсылмандар үшін шарифат заңдарымен танысып, Алланың разылығын алудың және ғибадат, құлшылық етудің жолдарын көрсету мақсатында өз еңбегіне «Иршадул-мулук уас-Салатин», яғни «Патшалар мен сұлтандарға арналған нұсқаулық» деген атау берген. Қолжазбаның кіріспесіндегі араб тілінде жазылған мәтінде де, арабша қатардың астындағы қыпшақ тіліндегі аудармасында да еңбектің аты «Иршадул-мулук уас-Салатин» екендігі анық жазылған. Сондықтан қолжазба атауына қатысты ешқандай талас жоқ. Әлемдік түркітану ғылымында да бұл қолжазба «Иршадул-мулук уас-Салатин» деген ортақ атаумен көрсетіліп жүр.

Осы күнге дейін аталған қолжазбаға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы еңбектің авторы мен аудармашысы туралы дерек табылмағандығы анық болды. Ұсынылып отырған зерттеу нәтижесінде де қолжазбадан еңбектің авторы мен аудармашысы туралы ешқандай мәлімет табылмады. Дегенмен, кейбір зерттеулерде еңбекті жазуға Искандерия (Александрия) билеушілерінің бірі Әли мырза қолдау көрсеткен деп жазылады [5, 224]. Ал осы қолжазбаны зерттеген Р. Топарлының еңбегінде жазба ескерткіштің Александрия билеушісі Сайфи Баджманның тапсырысы бойынша жазылғандығы айтылады [3, 25]. Зерттеу аясында түпнұсқадағы қыпшақша жазылған мәтінге талдау жасау барысында, шынында да еңбек әмірші Әли мырзаның қалауы бойынша жазылған деген ой келеді. Бірақ қолжазбаның 16 парағында араб тілінде жазылған соңғы екі жолдың қыпшақша аудармасы берілмеген. Осы жолдардағы арабша мәтінге талдау жасап, қазақ тіліне аударатын болсақ, еңбектің Сайфи Бажман деген аса құрметті билеушінің қалауымен жазылғандығы айтылады:

بشلامد الوغ تنكري اتي برلا قموغ عالم غارزق برکان تنكري خاص مومنلارني برليفاغان
تنكري جمع اوکماکليک اول تنكري کا کم کوندارکان ترور توز بولغا تع توغو بولغا کم اول
سقلاغان ترور بازوقدان تغ باغوزلوقدان تع دعا تع سلامات ليق محمد اوزا بولسون کم اول
نييلارنينک سونکي ترور اوليالارنينک بيکي ترور تع ايننک يقوقلاري اوزا بولسين کم انلار طيب
ترورلار تع اربع ترورلار نيچا کم بير تع کوک دايم ترور. اما اوندان سونکرا قجان کم کوردوم
ايرسا جناب عالي نينک رغبتيني/ مولوي بي بويوک اسکندرية شهريندا عظمتلي سلطانات وکيلي.

(1) Bashlad ym uluḡ Tengri at y birle, qamuḡ alamḡa rizq birgen Tengri, ḡāl ys mu'minlerni yarlı yqaḡan Tengri (2) ḡem uḡmeklik ol Tengri'ge kim, köndergen turur tuz yolḡa taḡi toḡru yolḡa, kim ol saqlaḡan turur (3) yazuqdan taḡ y yawuzluqdan taḡi du'ā taḡi selāmatlı yq Muḡammed uze bolsun (4) kim ol

neblerning song u turur taği eyliyālar n yng bigi turur Taği an yng yawuqlar u uze bolsun kim anlar ʔayyib turur lar (5) taği ar yğ turur lar Niğe kim yir taği kök dāyim turur Ammā andan songra (6) qağan kim kurdum irse ğenāby Āli'ning rağbetini/ Meyleyi Bey (7) Buyuk, Hukumdar Yardimği Kendisine itaat edilen Haqimiyete sahip qumandan, (8) buyuk İskenderiyye Şehri'nde azametli saltanat yekili [1, 16].

Қолжазбаның кіріспесінде (1/6 парағы) жаратушыға мадақтау, пайғамбар мен оның жақындарына айтылған салауаттан кейін еңбектің жазылу себептері түсіндірілген. Қолжазбадағы мәтіннен Ұлы әміршінің орынбасары Александрия билеушісі Баджманың Имам Ағзам Абу Ханифа мазһабы бойынша құлшылық етуде пайдалы болатын мазмұнды әрі қысқа бір кітаптың жазылуын сұрағаны айтылады.

Қазіргі түркітану ғылымында белгілі болған еңбектің жалғыз стамбұлдық нұсқасын Алтынордалық ақын Құтыбтың «Хусрау уә Шырын» поэмасын көшіріп жазған Берке Факих жасағандығы белгілі. Қолжазбаның соңғы 498а бетінде келтірілген араб тіліндегі мәтінде еңбекті қыпшақ ұлтынан шыққан Берке Ибн Беракуз Ибн Қандуд ибн Укудың көшірме жасағандығы анық жазылған. Дәл осы бетте еңбектің Искандәрия (Александрия) қаласында хижра жыл санауы бойынша 789 жылы (1387 жыл) шәууәл айның 20 күні аяқталғаны да айтылады.

Қолжазба 498 парақтан тұрады, парақтың екі бетінде де мәтін жазылғандықтан еңбектің жалпы көлемі 996 бетті құрайды. Жалпы кітаптың өлешім 26.5x18.5 см, ал мәтін жазылған аймақ 20.8x12.6 см, қалыңдығы 8.5 см құрайды. Қолжазба таза, айқын әрі түсінікті жазумен, араб каллиграфиясының кең таралған түрі «наسخ» үлгісінде жазылған. Әр бетте 8 жол арабша мәтін, оның астында 8 жол мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жолма-жол аудармасы берілген.

Қолжазбаның кейбір парақтарының жиектерінде қара сиямен жазылған арабша жазулар кездеседі. Негізгі мәтіннің жиектерінде берілген бұл жазуларда диакритикалық белгілер, қаракаттар қойылмаған және бөлімнің ерекшелігін көрсету мақсатында қолданылған. Қолжазбаның 479-486 парақтарының жоғарғы жағында құрт түскен іздері байқалады. Шығарманың алғашқы бетінде «Китаб Иршадул-мулук», 498 парақ, Қасым Бек әкелген кітап, Айасофия – 1016, 789 жыл, Ескендерийа, қыпшақ» («اسكندرية، قفجاق، كتاب ارشاد الملوك، 498 ورقه، قاسم بك» , 789 ، 1016 – ايسوفية – «كتردع كتاب درر، ايسوفية» деген сөздердің жазылғандығы анықталды. Одан кейінгі парақта «Бұл «Иршадул-мулук» кітабы» («هذا كتاب ارشاد الملوك»)) деген жазу бар. Қолжазбаның 1а бетінде төмендегі мәтін жазылған:

بسم الله الرحمن الرحيم الحمد لله رب العالمين والصلوة على رسوله محمد واله اجمعين
طالع في هذا الكتاب على بن عبد الله غفر الله له على الدين النعيم الله الواحد المنان.

Аса мейірімді ерекше қамқор Алланың атымен бастаймын. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. Оның елшісі Мұхаммедке және оның барлық отбасы мүшелеріне Алланың сәлемі болсын. Бұл кітапты Әли ибн Абдуллаһ қарастырған. Алла оны қасиетті дін үшін кешірсін. Алла жалғыз және Аса кешірімді.

Берілген мәтіннің астында қолжазба парағының орта тұсының сол жақ бөлігіне қойылған мөрдін ішінде Ағраф сүресінің 43-ші аятынан үзінді келтірілген: «Барлық мақтау бізді осы тура жолға салған Аллаға тән. Егер Алла бізді тура жолға салмаса еді, тура жолды таба алмайтын едік»

(«الحمد لله الذي هدانا لهذا وما كنا لنهتدي لولا أن هدانا الله»).

Осы мөрдін астыңғы бөлігінде төмендегідей арабша мәтін жазылған:

قد وقف هذه النسخة الجليلة سلطاننا الا عظم والخاقاننا المعظم مالك البرين والبحرين خادم الحرمين الشريفين السلطان ابن السلطان الغازي محمود خان وقفا صحيحا شرعيا لمن طالع واراد وتعلم واستفاد اعظم الله تعالى اجره يوم التناد وحرره الفقير احمد شيخ زاده المفتش باوقاف الحرمين الشريفين غفر لهما.

Бұл әдемі көшірме біздің ұлы сұлтанымыздың, біздің айбынды әміршіміз, теңіз бен жердің әміршісі, қасиетті Мекке мен Мединаның қызметшісі, Сұлтаноглы сұлтан Гази Махмұд Ханның пікірін білгісі келетіндер үшін. (Махмұд Y – 1696–1730 ж.) сауатты және заңды негізде берілген. Қиямет күні Алла сауабын арттырсын. Мұны қасиетті Мекке мен Медина қорының инспекторы Факир Ахмет Шейхзаде жазды. Екеуі де кешірілсін [5, 1a].

Қолжазба парағының ең астыңғы бөлігінде қойылған көлемі жағынан кіші мөрдін ішінде «Раббым, Ахмед сенен сәттілік сұрайды»

(«رتو توفيق يا رب تمنا كند احمد»)

деген мәтін жазылған. Қожазбаның соңғы бетінде төмендегідей мәтін берілген:

الحمد لله رب العالمين. عدة الصفحات المكتتبه اربعمائة وثمانية وتسعون صفحة اللهم اختم بالخير. الحمد لله مسترها هذا الكتاب من تركة والده رحمة الله عليه بماتين درهم فلوسنا جديدا وله ابو القاسم محمد بن احمد همدان الحنفي.

Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. Бұл жазба төрт жүз тоқсан сегіз беттен тұрады О, Құдай, жақсылықпен аяқта. Аллаға сансыз мақтаулар болсын, әкесінен (Алла оны рақымына алсын) мұра ретінде қалған бұл кітапты Әбу әл-Қасым Ахмед бин Мухаммад Хамдан Әл-Ханафи екі жүз дирхам жаңа ақшамен алынды.

«Иршәдул-Мулук» қолжазбасының тілі Хорезм-Алтынорда түрікшесінен ерекшеліктері болғанымен, фонетикалық және морфологиялық жағынан мәмлүк-қыпшақ тіліне жақындығы анықталған. Х. Кун мен Дж. Экманның жіктеуі бойынша бұл шығарма түркі-оғыз тіліне жатпайтын, Хорезм-Алтынорда тілінің әсерінен қалыптасқан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер қатарына жатқызылады. Мәмлүк-қыпшақ тілі қарахан және хорезм түрік тілдерінің негізінде қалыптасқан Орталық Азия әдеби түрік тілінің жалғасы деп айтуға болады [8, 9].

Қолжазбаның құрылымы мен мазмұны: «Иршәдул-мулук» ескерткішінде ханафи мазхабы бойынша фикһ мәселелері қарастырылып, дін ғұламаларының көзқарастары берілген. Қолжазба мәтіні кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Жазба ескерткіштің негізгі бөлімі 29 бөлім (кітап), 93 тарау (фасыл) және 56 баптан құралған. Еңбектің қорытынды бөлімінде фикһ саласына қатысты 49 мәселе қамтылған. Кіріспе бөлімде (1а-3а беттер) Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылғаннан кейін, еңбектің жазылу мақсаты, қолдаушылары туралы мәліметтер берілген. Кіріспеде берілген мәліметтер бойынша, әміршінің Абу Ханифа мазхабы бойынша пайдалы кітапқа тапсырыс бергендігіне қарағанда ханафи мазхабының тек қана Орталық Азияда емес, сонымен қатар араб елдерінде де, нақтырақ айтсақ Мысыр мәмлүк мемлекетінде де үлкен маңыздылыққа ие болғандығы көрінеді. Кіріспеде автор аталған еңбекте ханафи мазхабына сай шарият негіздері болып саналатын парыз, уәжіп, сүннеттер мен әдептердің үкімдері, Аллаға құлшылық ету жолдары туралы жазылғандығын айтады. Сонымен қатар еңбекте ислам діні бойынша күпірлікке түскен адамның белгілері мен діннен шығып кету қауіптері, ақидаға байланысты бірнеше мәселелер қарастырылады. Автор тек жаратушы Тәңріге ғана құлшылық етудің жолдарын көрсетуге талпынған.

Кіріспе бөлімнен кейін «Bilgil rāsti uājib mukellef qul uze» деп аталатын бөлімде (3а/1-24а/6) ересек адамдардың уәжіп амалдары туралы айталады. 24а7-77а8 беттерді қамтитын «Faṣl turur itiqād qilmaq iğinde» атты бөлімде сенімге қатысты мәселелер туралы сөз болса, келесі бөлімде (77б1-87а7) парыз амалдар туралы жазылған. Қолжазбаның жоғарыда көрсетілген үш бөлімінен кейінгі қарастырылған мәселелерді төмендегі тараулар бойынша бөліп көрсетуге болады: 1) «Ağınmaqqlar Kitābi Turur» – Тазалық бөлімі (87а7-147б7); 2) «Namāz kitābi turur» – Намаз бөлімі (147б7-244а5); 3) «Zekāt birmek kitābi turur» – Зекет бөлімі (244а5-266а4); 4) «Oruch tutmaq kitābi turur» – Ораза бөлімі (266а4-284б8); 5) «Hej qilmaq kitābi turur» – Қажылық бөлімі (285б8-382а); 6) «Ant ichmekler kitābi turur» – Ант ішу бөлімі (382а2-396а3); 7) «Azād qilmaq kitābi turur» – Құлды азат ету бөлімі (396а3-400а2); 8) «Mükāteb qilmaq kitābi turur» – Мукатаб ету бөлімі (400а2-402б8); 9) «Uelāni

bildürmek kitābi turur» – Күзет туралы бөлім (40268-40368); 10) «Hādlernī bilmek kitābi turur» – Шектерді білу бөлімі (40368-41465); 11) «Ychmekler kitābi turur» – Ішiмдiктер бөлімі (41465-41565); 12) «Oğurmaq kitābi turur» – Ұрлық бөлім (41565-424a7); 13) «Ġāzīliq qılmaq kitābi turur» – Ардагерлер бөлімі (424a7-442a3); 14) «Yirde oğlan tapmaq kitābi turur» – Жоғалған баланы тауып алу туралы бөлім (442a3-44267); 15) «Yirde māl tapmaq kitābi turur» – Табылған зат туралы бөлім (44267-44467); 16) «Qul qachmaq kitābi turur» – Қашқан құл туралы бөлім (44467-445a4); 17) «Bir kişi yoq bolsa ölüsi tirisi bilinmese aning kitābi turur» – Хабарсыз кеткен адам туралы бөлім (445a4-44566); 18) «Kerāhiyyet kitābi turur» – Біреуді жақтырмау туралы бөлім (44566-452a1); 19) «An aulamaq kitābi turur» – Аңшылық бөлім (452a1-45367); 20) «Boğuzlamaqlar kitābi turur» – Біреуді тұншықтыру туралы бөлім (45368-45566); 21) «Qurbān qılmaq kitābi turur» – Құрбандық бөлім (45566-456b2); 22) «Jināyet qılmaq kitābi turur» – Кісі өлтіру бөлім (45662-46265); 23) «Qan bahāsini bildürmek kitābi turur» – Адамға құн төлеу туралы бөлім (46265-471a4); 24) «Āqilani bildürmek (5) kitābi turur» – Айыптылар туралы бөлім (471a4-47263); 25) «Ykin ikmek kitābi turur» – Егін егу туралы бөлім (47263-474a2); 26) «Muāmele qılmaq kitābi turur bustānlar birle» – Бақша ісі туралы бөлімі (474a2-47462); 27) «Almaq satmaq kitābi turur» – Сауда-саттық бөлімі (47462-484a7); 28) «Küch qılmaq kitābi turur» – Күш көрсету туралы бөлім (484a7-485a6); 29) «Hauāle qılmaq kitābi turur» – Ақша беру туралы бөлімі (485a6-48566).

Жалпы алғанда негізгі бөлімде исламдағы әрбір амалға қатысты парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мәкрүһ мәселелер жан-жақты көрсетілген. Аталған еңбекте қамтылған мәселелердің Әбу Ханифа мазһабында маңызды орын алатыны анық. Шиғалық бағытты ұстанған Фатимилер әулиетінен кейін билік басына келген мәмлүк-қыпшақтарының Имам Ағзам мазһабын ұстанып, Мысыр елінде ханафи мазһабын насихаттап, оның кең тарауына ықпал еткен. Сондықтан да ханафи мазһабына негізделген «Иршәдул-мулук» ескерткіші араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылып, сұлтан әл-Ғауриге сыйға тартылған [10].

Патшалар мен сұлтандарға тарту ретінде ұсынылған бұл еңбекте Әбу Ханифа мазһабының шариғат шарттары кеңінен сөз болады. Діни ескерткіште ислам дініндегі шариғат амалдарына қатысты түрлі мәселелер, сонымен қатар мұсылмандарға парыз етіп бекітілген амалдарға қатысты мәселелердің шешімдері құран аяттары мен пайғамбар хадистріне, Әбу Ханифа, Имам Мәлик, Имам Шафиғи сияқты дін ғұламаларының пікірлері мен ортақ шешімдерінен үзінді беру арқылы дәйектеліп отырған.

Еңбектің тілі Алтын Ордадағы қыпшақ тілінен өзгешелігі жоқ, ескі түркімен тілінің әсері аз болып саналады. Бұл еңбек түркі халықтарының

тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімдерін, дінін, тілін зерттеуде құнды теолингвистикалық дерек болып табылады. Еңбек араб тілінде жазылған мәтіндерден сөзбе-сөз аударылғандықтан сөйлемдер көбінесе түркі тілінің грамматикалық қағидаларына сай келмейді. Пайымдауымызша, автор (аудармашы) араб тілін толығымен жақсы меңгерген маман иесі болуы әбден мүмкін. Мәтіннің аудармасында қолданылған 4200 сөздің 57 %-ы (2407 сөзі) араб тілінде, 41 %-ы (1700 сөз) түрікше, 2,5 %-ы (93 сөз) парсыша сөздер болып табылады. Автор кейбір тілдік, діни терминдерді кейде түркі тілінде, кейде араб немесе парсы тілдерінде қолданып, оның тіл байлығының кең, әрі бай, терминдердің ауқымын кеңірек қолданғандығы байқалады [3, 32 б.].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл жұмыс ҚР БЖҒМ ҒК гранттық қаржыландыруымен АР09058201 «Иршәдул-мулук уәс-салагин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» ғылыми жобасы аясында орындалды.

Қорытынды

Ескерткішке палеографиялық, кодикологиялық, деректанулық, құрылымдық талдау жасау барысында қолжазбаға қатысты құнды деректер анықталды. Ханафи мазһабы бойынша жазылған бұл ескерткішті қазіргі кездегі фикһ мәселелерін шешуде де қолдануға болады. Діни сарында араб және мәмлүк-қыпшақ тілдерінде қатар жазылған ескерткіштегі тілдік материалдарды, оның ішінде діни тілдік бірліктерге жан-жақты талдау жасау арқылы тарихи теолингвистикадағы көптеген мәселелердің шешімін табуға болады. Сондықтан қазіргі түркі халықтарының мәдениетін, салт-дәстүрін, дінін, наным-сенімін зерттеуде ортағасырлық діни сарында жазылған жазба ескерткіштер баға жетпес теоллингвистикалық дереккөз болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Иршәдул-мулук уәс-салагин (ارشاد الملك و السلاطين) (Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық) [Текст]. – Станбул, 1387. – 996 б.

2 Зайончковский, А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв.) [Текст] // Вопросы языкознания. – М., 1967. – № 6. – С. 80–89.

3 Toparli, R. İrşadül-müluk ves-selatin [Текст]. – Ankara, 1992. – P. 627.

4 Kardan, H. Ermeni harfli kipchakcha «Zebur=Psalter» adli eser ile memlûk kipchakchasiyla yazilmış «Yrşadü'l-Mülûk Ve's-Selâtîn» adli eserin şekil bilgisi bakımından karşılaştırılması [Текст]. – Ankara, 2014. – 548 p.

5 Дәстүрлі Ислам жауһарлары. Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы [Текст]. – Астана, 2016. – 392 б.

6 **Садықбеков, Қ.** «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі [Текст]. – Алматы : Таңбалы, 2016. – 412 б.

7 **Aubakirova, K., Shaaban, A., Botabayeva, Zh.** Lexical and semantic features of the written monuments in the Mamluk-Kipchak language (13–15th centuries) [Текст] // ENU Bulletin. – Almaty, 2022. – №3 (138) – P.189–201.

8 **Ermers, R.** Turkic Forms in Arabic Structures : the description of Turkic by Arabic Grammarians [Текст]. – Nijmegen, 1995. – 260 p.

9 **Aubakirova, K., Jubatova, B., Zhumazhanova, F., Mustafayeva, A.** Turkic-arabic cultural and linguistic relations [Текст] // Analele University din Craiova, Ystorie. – 2016. – № 1(29). – P.133–143.

10 **Жұбатова, Б., Аубакирова, Қ.** Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары : монография [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 235 б.

References

1 **Irshadul-muluk uas-salatin** (ارشاد الملك و السلاطين) (Patshalar men syltandarға нұсқаулық) [Irshadul-muluk uas-salatin (ارشاد الملك و السلاطين) (A guide for kings and sultans)] [Text]. – Stanbul, 1387. – 996 p.

2 **Zaionchkovski, A.** K izucheniu srednevekovykh pamyatnikov turkskoi pismennosti (11-16v) [To the study of medieval monuments of the Turkic script (13-15c.)] [Text] // Voprosy yazykoznaniya. – M., 1967. – № 6. – P. 80-89.

3 **Toparli, R.** Irshadul-muluk ves-selatin. – Ankara, 1992. – P. 627.

4 **Kardan, H.** Ermeni harfli kipchakcha «Zebur=Psalter» adli eser ile memluk kipchakchasiyla yazilmish «Yrshadu'l-Muluk Ve's-Selatin» adli eserin shekil bilgisi bakimindan karshilashtirilmesi [Comparison of the Armenian letter Kipchakcha «Zebur=Psalter» with the Mamluk Kipchakcha «Yrşâdü'l-Mülûk Ve's-Selâfîn» in terms of morphology] [Text]. – Ankara, 2014. – 548 p.

5 **Dusturli Islam zhauharlary.** Orta gasyrlarda (10-16 g.) zhazylgan dini enbektler men shygarmalardan uzindiler zhinagy [Traditional Islamic masterpieces. A collection of fragments from religious works and monuments in the Middle Ages (10–16 centuries)] [Text]. – Astana, 2016. – 392 p.

6 **Sadyqbekov, A.** «Kitab Muqaddima abu Luys as-Samargandi» eskertkishi jane onyn tili [The monument «Kitab Muqaddima abu Luys as-Samargandi» and its language] [Text]. – Almaty : Tanbaly, 2016. – 412 p.

7 **Aubakirova, K., Shaaban, A., Botabayeva, Zh.** Lexical and semantic features of the written monuments in the Mamluk-Kipchak language (13-15th centuries) [Text] // ENU Bulletin. – Almaty, 2022. – № 3 (138) – P. 189–201.

8 **Ermers, R.** Turkic Forms in Arabic Structures : the description of Turkic by Arabic Grammarians [Text]. – Nijmegen, 1995. – 260 p.

9 **Aubakirova, K., Jubatova, B., Zhumazhanova, F., Mustafayeva, A.** Turkic-arabic cultural and linguistic relations [Text] // Analele University din Craiova, Istorie. – 2016. – № 1(29). – P. 133–143.

10 **Zhubatova, B., Aubakirova, K.** Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystary : monographia [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule in Egypt : monograph] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2019. – 235 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*К. К. Аубакирова¹, А. А. Мустафаева², М. С. Кулахметова³

¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ПИСЬМЕННЫЙ ПАМЯТНИК «ИРШАДУЛ-МУЛУК УАС-САЛАТИН» (XIV В.) КАК ТЕОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

В эпоху глобализации в современной отечественной науке возникает необходимость возрождения забытого, имеющего тысячелетнюю историю наследия наших предков и переосмысления на его основе истории нашей нации путем поиска, ввоза в страну и комплексного изучения средневековых рукописей об истории, культуре, верованиях, религиозных позициях нашей нации. Изучение памятников письменности на кыпшацком языке, хранящихся в фондах зарубежных библиотек и архивов, дает нам возможность получить важные сведения об историко-культурных ценностях тюркских народов. Среди общих для всех тюркоязычных народов письменных памятников особое место занимают рукописи на мамлюкско-кыпшацком языке, написанные в XIII–XV веках, и особенно труды религиозного характера. Эти памятники являются теолингвистическим источником для изучения языков, верований, религии не только Египта, но и всех тюркских народов.

В настоящей статье произведен источниковедческий, палеографический и кодикологический анализ рукописи «Иршадул-мулук уас-салатин» (XIV в.), изложены полные, новые сведения о рукописи,

выявлены структурные, содержательные и языковые особенности памятника, определена ценность как теолингвистического источника языкового материала, сохраненного в памятнике письменности.

Ключевые слова: рукопись «Иршадул-мулук», мамлюки, кыпчакский язык, арабский язык, ислам, тюркское мировоззрение

*К. Aubakirova¹, А. Mustafayeva², М. Kulakhmetova³

¹Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

²Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Pavlodar pedagogical university,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 13.03.23.

THE WRITTEN MONUMENT «IRSHADUL-MULUK UAS-SALATIN» (XIV CENTURY) AS THEOLINGUISTIC SOURCE

In the era of globalization, in modern domestic science, there is a need to revive the forgotten heritage of our ancestors, which has a thousand-year history, and rethink the history of our nation based on it by searching for, importing to the country, and comprehensively studying medieval manuscripts about the history, culture, beliefs, and religious of our nation. The study of written monuments in the Kypshak language, which are stored in the funds of foreign libraries and archives, gives us the opportunity to obtain important information about the historical and cultural values of the Turkic peoples. Among written monuments common to all Turkic-speaking peoples, a special place is occupied by manuscripts in the Mamluk-Kipshak language, written in the 13th-15th centuries, and especially religious works. These monuments are a theolinguistic source for studying the languages, beliefs, and religions not only of Egypt, but also of all Turkic peoples.

The article provides a paleographical and codicological analysis of the manuscript «Irshadul-muluk was-salatin» (XIV century) and in this article complete, new information about the manuscript is presented, structural, content and linguistic features of the monument are revealed, its value as a theological source of language material, preserved in the monument is determined.

Keywords: manuscript «Irshadul-muluk», Mamluk, Kipchak language, Arabic language, Islam, Turkic worldview

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz